

БӨЛІМ: ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ

Ақиқатты іздеу жолында

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.09.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/81004/

Өзін-өзі тану сабағының жоспары Мектеп: Бостандық ОЖББМ Күні: 7.09.2020 № 2 сабақ
Сабақтың тақырыбы: Ақиқатты іздеу жолында Құндылық : Дұрыс әрекет
Қасиеттер: Өсек айтпау, басқалар туралы жамандық ойламау, өз-өзіне сенімді болу, әдепті болу.
Мұғалім: Адиева С:З. Сынып: 6 «а,б.»

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға өмірдегі орнын дұрыс әрекетте болғанда ғана табатынын түсіндіру.

Сабақтың міндеттері:

Білімділік: — Өмірде басқалар туралы жаман ойламауға үйрету;

Дамытушылық: — өз-өзіне сенімді болуға ықпал жасау;

Тәрбиелік: — өсек айтпауға, әдепті болуға тәрбиелеу. Ресурстар: дәйексөз, стикер қағазы.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

(5 «Т» -ны сақтау) Тәртіп, Тыныштық, Тазалық, Татулықты сақтауға шақыру, Талап. Жағымды көңіл-күйге ену. «Су асты патшалығына саяхақ » барамыз.

2. Үйге тапсырмасын сұрау.

«Ақиқат жайлы мен не ойлаймын?» өз ойларыңды жазып, оқу.

. 3. Дәйексөз

«Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады»

4. Әңгімелесу.

Ақиқат айнасы (аңыз) Ғалым Бақыткерейұлы

— Балалар арасында айна үшін туған үлкен даудың себебі неде деп ойлайсыңдар?

— Аңыз неліктен «Ақиқат айнасы» деп аталынған?

— Сенің пайымдауың бойынша ақиқат деген не? Мысал келтір.

— Өзіңнің күнделікті өміріңде осындай ақиқат айнасы керек пе? Неліктен?

— Өзің ақиқат айнасынан нені көргің келеді?

— Ақиқатқа апарар жол қандай деп ойлайсыңдар?

5. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс:

1-топ: 12-13 беттегі Ақиқат туралы жазылған өлең жолдарын оқып, ақиқат жайлы түген ойларыңды сыныптастарыңмен бөліс.

2-топ: Төменде берілген Ақиқат жайлы қанатты сөздердегі негізгі ойды анықтап, бүгінгі өмірмен байланыстырып, өз ойларыңмен бөліс.

... «Адам бойындағы асыл қасиеттерді дамыту үшін алдымен батылдық керек. Батылдық болмаса, адам баласы қалайша ақиқат іздейді, қалайша сүйіспеншілікті қорғайды?»
М.Ганди

... «Ақиқат жол-жөнекей жұлып ала салатын гүл емес, ол ұзақ жолдың түпкі мақсаты». Гераклит

... «Ақиқатты көрем десең,
Бас көзімен қарама.
Жүрегіңнің аш көзін,
Жанның сырын арала» Шәкәрім

3-топ: 13-14 беттегі Жағдаятты оқып, өз шешімдерің мен өз тұжырымдарыңды айтыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

— Сенің бойыңдағы жан құмарыңа нелер жатады?

— Ақиқатқа жету үшін қай құмарлық маңызды?

4 – топ: Ақиқат құндылығына қатысты сөздерді тауып, сөзжұмбақты шешу:

1 2 3 а

д

4и 5а а

г б д ү н и е т а н ы м

і а з

л м а

7і з г і л і к т

к е

р 8а

9ш ы н д ы қ

і и

л қ

і а

к т

6. Топпен ән айту.

«Сен маған сүюді үйреттің» Ә:ЕрболБайырбеков,

С:АқмаралЛеубаева

1.Сен маған сүюді үйреттің, 2. Кім дос,кім дұшпанды үйреттің, Ұмытып кеткен едім.

Уайымшыл бір мұң едім. Басымды июдi үйреттің, Иіскеп қысқанды үйреттің,

Тәкаппар өктем едім ... Құшақсыз бір гүл едім. Шынайы күлуді үйреттің, Шынайы күлуді үйреттің,

Нәсерлі көктем едім. Нәсерлі көктем едім

Өмірді сүруді үйреттің,

Ұстазсыз мектеп едім.

Қайырмасы: Сен маған ұшқанды үйреттің,

Тордағы бұлбұл едім.

Сезіммен құшқанды үйреттің,

Күдікшіл құмбыл едім.

7. Үй тапсырмасы

Келесі сабақ: «Табиғат – баға жетпес сый» жобасының жоспарын түзіп келу

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.